ЖАҢАЛЫҚТАР

Ресей Украинаның бірнеше өңіріне шабуылдады

23 қараша 2026 жыл, 13:33



Ресейдің әуе шабуылының салдары. Украина, Житомир аймағы, 23 қараша, 2026 жыл

23 қарашаға қараған түні Ресей әскері Украинаның аймақтарына әуеден шабуыл жасады. Жергілікті полицияның хабарлауынша, Сумы облысында ресейлік дрон шабуылы салдарынан 15 жастағы жасөспірім қаза тапқан, тұрғын үйлерге зақым келген.

Харьков облысы билігінің мәліметінше, аймақ орталығы мен өңірдің тағы 20 елді мекеніне жасалған шабуылдар салдарынан 17 адам зардап шеккен, олардың үшеуі – кәмелетке толмаған балалар.

Киев мэрі Виталий Кличко астанада дрон сынықтары екі оқу орнының ғимаратына құлағанын айтты. Зардап шеккендер жоқ.

Аймақ билігінің дерегінше, Днепропетровск облысының екі ауданы 10 рет шабуылға ұшыраған. Екі адам жараланып, ғимараттар қирап-бүлінген. Днепр қаласында көлік инфрақұрылымы зақымданған.

Облыстық әскери әкімшіліктің (ОӘӘ) хабарлауынша, Запорожьеде дрон шабуылынан бір әйел жараланған.

Украинаның әуе күштері дүйсенбіге қараған түні Ресей ұшырған 153 дронның 134-ін, соның ішінде 42 реактивті дронды атып түсіріп, залалсыздандырғанын мәлімдеді. 11 жерде дрондардың тікелей тигені, ал жеті жерде сынықтардың құлағаны тіркелген.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Дымерде Ресей шабуылынан қаза тапқандар саны 11 адамға жетті
- Киев облысында соққыдан үйдің кіреберісі қирады: үйінді астында адамдар болуы мүмкін
- Ресей әскері Кривой Рогқа соққы жасап, 2 адам қаза болды

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған